

Америка Құрама Штаттарының жаңа дипломатиялық өкілдігі объектілерінің құрылысын салу үшін Америка Құрама Штаттарының Үкіметіне жер учаскесін беру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасында Өзара түсіністік туралы меморандум жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 3 қазан N 1086

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Америка Құрама Штаттарының жаңа дипломатиялық өкілдігі объектілерінің құрылысын салу үшін Америка Құрама Штаттарының Үкіметіне жер учаскесін беру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумның жобасы
м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан

Республикасының Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан оған қағидатты емес сипаттағы өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, көрсетілген меморандумды жасассын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Америка Құрама Штаттарының жаңа дипломатиялық өкілдігі объектілерінің құрылысын салу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің Америка Құрама Штаттарының Үкіметіне жер учаскесін беруі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы

ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

1-бап

Америка Құрама Штаттары Үкіметінің Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігін орналастыру үшін Вашингтон қаласындағы (Колумбия округі): Солтүстік-батыс жағындағы 16-шы көше, 1401, мекен-жайға орналасқан мүліктерді жекеменшікке сатып алуға берген құқығына айырбас ретінде, Қазақстан Республикасының Үкіметі Америка Құрама Штаттарының Үкіметіне Астана

қаласындағы Манас көшесіне орналасқан ("Ақбұлақ-4" шағын ауданы ауданындағы) 8,614 га жер учаскесі алаңын 49 жылға жалға алу құқығын береді, ол - Америка Құрама Штаттарының дипломатиялық өкілдігі объектілерінің құрылыстары үшін қосымша төлемсіз әрқайсысы 49 жылдан тұратын ең кемі үш қосымша мерзімге ұзартылу мүмкіндігімен, Америка Құрама Штаттары 300 000 (үш жүз мың) доллары көлеміндегі біржолғы төлем төлеуді жүзеге асырады деген шартпен беріледі.

2 - б а п

Егер Қазақстан Республикасының жер туралы заңнамасына шет мемлекеттерге жер учаскелерін жекеменшікке сатып алу құқығын беретін өзгерістер енгізілген жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Меморандум негізінде Америка Құрама Штаттарының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Вашингтон қаласындағы (Колумбия округі) Солтүстік-батыс жағындағы 16-шы көше, 1401, мекен-жайы бойынша ғимараттар сатып алуға айырбас ретінде қосымша төлемсіз, жалға алу шеңберінде жер пайдалану құқығын осы жер учаскесіне арналған жекеменшік құқығына қайта ресімдеуге

құқық береді.

3-бап

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен АҚШ-тың Мемлекеттік департаментінің Дипломатиялық миссиялар басқармасы алдын ала мақұлдаған жағдайда, Тараптар мүліктері иелену және басқаға беру құқықтарының, сондай-ақ дипломатиялық өкілдіктер орналасқан елдерден алған ғимараттар мен жер учаскелеріне иелік ету құқықтарының өзгермейтіндігіне кепілдік береді.

4-бап

Америка Құрама Штаттарының Үкіметі қала салу мен сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтайтын болады.

5-бап

Осы Өзара түсіністік туралы меморандумның 1-бабында көрсетілген жалға алынған жер учаскесі борыштардан, ауыртпалықтардан және үшінші тұлғалардың құқықтарынан азат күйінде беріледі.

6 - б а п

Халықаралық құқықтың жалпыға бірдей нормаларына, 1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясына және 1963 жылғы Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Меморандумның негізінде, Америка Құрама Штаттарының Үкіметін берілетін жер учаскесіне қатысты салық пен алымның барлық түрлерінен және басқа да төлемдер төлеуден, сондай-ақ Жалға алу шартын жасасуға және тіркеуге байланысты барлық шығыстардан, оның ішінде (алайда, мұнымен шектелмей), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер учаскесі жөніндегі құжаттарды ресімдеу кезіндегі нотариат, тіркеу және басқа алымдардан босатады.

7 - б а п

Дипломатиялық өкілдік ғимараттарының құрылысын салуға жұмсалатын барлық шығыстарды, сондай-ақ оны күтіп-ұстау мен жөндеудің, электрмен, газбен, сумен және жылумен қамтамасыз етудің, байланыс қызметінің шығыстарын Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген нормативтер мен тарифтерге сәйкес Америка Құрама Штаттарының Үкіметі дербес түрде төлейтін болады.

8 - б а п

Америка Құрама Штаттарының Үкіметі жалға алған учаскедегі коммуналдық құрылыстардың техникалық жағдайын жасағаннан кейін, Қазақстан Республикасының Үкіметі өз есебінен немесе Астана қаласы әкімшілігі есебінен барлық қажетті коммуналдық коммуникацияларға қосуды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға уақтылы жәрдем көрсетуге келіседі.

9 - б а п

Америка Құрама Штаттарының Үкіметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында көзделген барлық қажетті рәсімдерді міндетті түрде сақтаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі жер учаскесінде жаңа ғимараттарды жобалау мен салу үшін қажетті құрылысқа арналған барлық рұқсаттарды, келісімдер мен бекітулерді беруді ұйымдастыруға уақтылы жәрдемдесуге келіседі.

10 - б а п

Осы Өзара түсіністік туралы меморандумның ережелерін түсіндіру мен қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер арқылы шешетін болады.

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Өзара түсіністік туралы меморандумға, соның ішінде осы Өзара түсіністік туралы меморандумның 2-тармағында көзделген, өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Өзара түсіністік туралы меморандумның ажырамас бөліктері ретінде жеке хаттамалармен ресімделеді.

Осы Өзара түсіністік туралы меморандум қол қойылған күнінен бастап

уақытша қолданылады және Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны жіберген күннен бастап күшіне енеді.

_____ қаласында 2002 жылғы " ____ " _____
 әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды.

Осы Өзара түсіністік туралы меморандумның қандай да бір шарттарын түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
 Үкіметі үшін

Америка Құрама Штаттарының
 Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
 Қасымбеков Б.А.